

ӨЗЕН

№13 (34) ЖЕЛТОҚСАН, 2018 ж.

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМІЗДІҢ ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ, ТҰҒЫРЫ БЕРІК, ЕҢСЕСІ БИІК БОЛҒАЙ!

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні – біздің ата-бабаларымыздың ғасырлар бойы аңсаған арманы жүзеге асқан ұлы күн.

Біз бабалардың даналық өсиетін ардақ тұтып, осы дәстүрді жалғастырып келе жатқан ұрпақтың өкіліміз. Қазақ елін азаттық сүйгіш, рухы биік, намысы берік халық ретінде танытқан тәуелсіздік – біз үшін ерекше қымбат, қасиетті күн. Егемен еліміздің іргесі берік, рухы жоғары, бақыты баянды болуы жолында жемісті еңбек ету – бүгінгі ұрпақтың парызы. Ләйім еліміздің жетер жетістіктері, алар асулары мен жарқын жақсылықтары мол болсын!

Дана халқымыз «Бабын тапсаң, байлық жерде, береке – салтанат елде» дейді.



Қойнауына құт дарыған еліміздің болашағы жарқын болып, Тәуелсіздіктің тұғырлы туы мәңгілік желбірей берсін.

Құрметті әріптестер, мұнайшылар қауымы! Сіздерді санаулы күндерден кейін келетін тағы бір мейрам – Жаңа Жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Табалдырығымыздан аттағалы тұрған доңыз жылы мерейлі, ырыс-берекеге толы болсын.

2019 жыл – әр үйдің шаңырағына бақ болып кіріп, төрінен құтты орнын алсын. Отбасыңыз, жақын-туыстарыңыз аман болып, жаңа жылда жақсылықтарға жете беріңіздер. Қазақ «қара алтынын» игерудегі қажырлы еңбектеріңіздің нәрілі нәтижесіне бөленіңіздер.

Қойнауы құтты дархан даламыз, ынтымағы жарасқан еліміз аман болсын. Ит жылы жеткен жетістіктеріміз, өндірістегі іргелі істеріміз, жаңа жылда да жемісті жалғасын тапсын. Жаңа жыл құтты болсын, қымбатты мұнайшылар!

Жәнібек НҰҒМАНОВ,
«Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры



А Н О Н С

4



«ҰЛТҚА
ҚЫЗМЕТ ЕТУ –
МІНЕЗДЕН...»

5



QAY JOBA
«AQYLDY» DEP
TANYLDY?

7



ЖЫЛДЫҢ
СОҢҒЫ
ЖАЙДАРМАНЫ



«ҮЗДІК ДЕПУТАТ» КУӘЛІГІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Жаңаөзен қаласынан Маңғыстау облыстық мәслихатына сайланған депутат «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Оңғарбайұлы Ибағаров «Біздің Депутат» республикалық қоғамдық-саяси газетінің рейтингі бойынша «ҮЗДІК ДЕПУТАТ» – 2018 төсбелгісімен марапатталды. Еліміздегі халық қалаулыларының бір жыл ішінде атқарған жұмыстарын саралайтын көрсеткіште үздік атанған әріптесімізді облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында облыс әкімі Ералы Тоғжанов салтанатты түрде құттықтады.

Еңбекте жеткен жетістігімен Мақсат Оңғарбайұлын құттықтаймыз!



БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІК МӘСЕЛЕЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ЖОЛДАУЫ

2018

жыл аяқталуға жақын, сондықтан осы мүмкіндікті пайдалана отырып, Сіздердің ҚазМұнайГаздағы іске шын берілгендіктеріңіз, жұмысқа деген ынталарыңыз үшін, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелеріне деген ұстанымыңыз үшін алғыс айтқым келеді. «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның Басқарма төрағасының орынбасары ретінде жұмыс істеп жүргенде, 2018 жылы ҚазМұнайГаз-дың қауіпсіздік саласында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізгеніне өзім кәу болдым. Алғаш рет Компанияның тарихында 12 айлық кезеңде еңбек қызметімен байланысты өлімге алып келген жазатайым оқиғалары бойынша НӨЛДІК көрсеткішке қол жеткізілді. Еңбек қауіпсіздігіне әкеп соққан (еңбек қызметіне байланысты жарақаттану нәтижесінде бір күннен асатын кезең), жазатайым оқиғалардың саны 2017 жылмен салыстырғанда 35% азайды. Мұның барлығы Компанияда жыл өткен сайын қауіпсіздік мәдениетінің артқанын әрі нығайғанын растайды. Сол үшін Сіздердің барлығыңызға алғыс білдіргім келеді.

Алайда, 2018 жыл жазатайым оқиғасыз жыл болған жоқ – өндірісте әлі де болса оқыс оқиғалар орын алып отыр. Біз Компанияның және мердігер ұйымдарының әрбір қызметкерінің әрқашанда жұмыстан аман-есен, жарақат алмай үйіне оралуына ұмтыламыз! Біз әрқашанда 100% қауіпсіздікке қол жеткізу мақсатына үздіксіз жұмыс істейтін боламыз!

Біздің қызметкерлердің, мердігерлердің және жергілікті халықтың денсаулығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатындағы тынымсыз еңбегіміз «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ бизнесінің ұзақ мерзімді әрі табысты болуының негізгі факторы болып табылады. Біз қауіпсіздік бойынша негізгі құндылықтарға ортақтасатын, өндірістің жоғарғы стандарттарына ұмтылатын кадрлық әлеуетті тарту, дамыту және сақтау арқылы қауіпсіздік мәдениетін ұдайы алға жылжытатын боламыз.

Компанияда қауіпсіздік бойынша бірқатар қағидалар, рәсімдер және стандарттар әзірленіп енгізілді. Үлкен жұмыс атқарылды, бірақ бұл жеткіліксіз. Біз ұжымның барлық деңгейлерінде, ҚМГ нысандарында жұмыс атқарып жатқан әрбір қызметкер үшін оның ажырымас бөлігі болып табылатын қауіпсіздік құндылығын енгізу жұмысын және қауіпсіздік мәдениетіне

ұмтылысты ары қарай жалғастыруымыз керек. Бұл құндылық сіз жұмыстан тыс уақыттың өзінде де ол сіздің өміріңіздің ажырамас тұрақты бөлігі болуы керек. Себебі қауіпсіздік мәдениеті дегеніміз – ойлану қабілетін, жұмысқа деген қарым-қатынасты қалыптастыратын жазылмаған нормалар мен стандарттар жиынтығы.

Қауіпсіздікке деген ұмтылыс басшылықтан басталады. Алайда басшылық жеке өзі барлық жерде қауіпсіздік мәдениетін ұдайы қамтамасыз ете алмайды.

Егер сіздердің әрқайсысыңыз қауіп тудыратын жағдайлар мен әрекеттерді байқасаңыз, әрі бұл жайында ашық түрде айтатын болсаңыз, ал сіз жүгінген адамдар, сізді тыңдайтын болса, яғни жұмыс орындап жатқан қызметкер болсын, не өзіңіздің басшыңыз болсын сізді тиісті жабдықпен қамтамасыз етіп және жұмыстардың қауіпсіз орындалуын үйретсе. Осы көрсетілген міндеттемелері қоса алғанда, ҚМГ-дың әрбір қызметкерінің ұстанымы болу қажет.

Біздің мақсатымыз – тек қана қауіпсіздік талаптарын сақтау ғана емес, әрбір адам қауіпсіздік техникасының жағдайын жасқартуға ұмтылатын, қауіпсіздік үшін жеке жауапкершілікті сезінетін атмосфераны құру.

Қауіпсіздік мәдениетін құру дегеніміз – бұл аялдамасы жоқ жол. Біз ешқашанда қол жеткен табысқа тоқмейілісіп тоқтап қалмауымыз керек. Бұл заман талабы – бұл жол бойынша ұдайы алға ұмтылу адамның өзін-өзі тәрбиелеуіне үйретеді және бізді үнемі қауіпсіздік техникасын сақтауға жетелейді, оны жетілдіру үшін біз орындауға тиіс талаптардың орындалуын бізден талап етеді. Қазақстан бойынша мұнай-газ саласындағы үздік компания болайық! Сондай-ақ, қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту бойынша үнемі алға тұрақты түрде ұмтылайық!

Сіздерге тағы да іске деген адалдықтарыңыз, қауіпсіздік бойынша көрсеткіштерді жақсартуға қосқан үлестеріңіз және «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қызметінің тиімділігін арттырғандарыңыз үшін алғыс айтамын, сондай-ақ 2019 жыл – Сіздер және сіздердің отбасыларыңыз үшін қауіпсіз, салауатты әрі табысты жыл болуына тілектеспін!

А. АЙДАРБАЕВ,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқарма төрағасы



2018

год подходит к завершению, и я бы хотел воспользоваться возможностью, поблагодарить каждого из вас за преданность делу, усердную работу в КазМұнайГазе, а также, за вашу приверженность вопросам обеспечения безопасности. Будучи Заместителем председателя правления АО «Фонд национального благосостояния «Самрук-Казына», я лично наблюдал, каких выдающихся результатов в области безопасности добились КазМұнайГаз в 2018 году. Впервые за всю историю Компании удалось добиться НУЛЕВОГО показателя по смертельным случаям, связанным с трудовой деятельностью за период в 12 месяцев. Количество несчастных случаев с потерей рабочего времени (на период более одного дня в результате травмы, связанной с трудовой деятельностью) снизилось на 35% по сравнению с 2017 годом. Все это свидетельствует о повышении и укреплении культуры безопасности в Компании с каждым годом. И я хочу всех вас поблагодарить за это.

Однако, к сожалению, 2018 год не стал годом без происшествий и несчастных случаев-инцидентов на производстве все еще имеют место. Мы хотим, чтобы работники Компании и подрядных организаций, все до единого, всегда возвращались с работы домой целыми и невредимыми! Мы непрерывно будем работать над нашей целью – достижением 100% безопасности. Без исключений!

Наша усердная работа по охране здоровья и обеспечению безопасности наших работников, подрядчиков и населения является основополагающим фактором долгосрочного и успешного бизнеса АО НК «КазМұнайГаз».

Мы будем неустанно продвигать культуру безопасности путем привлечения, развития и сохранения кадрового потенциала, разделяющего наши основные ценности и нашу приверженность целостности и высоким стандартам производства.

В Компании разработан и внедрен целый ряд правил, процедур и стандартов по безопасности. Прделана большая работа, но этого недостаточно. Мы должны продолжить наше стремление к достижению культуры, где ценность безопасности внедрена на всех уровнях нашего коллектива, а также является неотъемлемой частью поведенческой культуры каждого, кто выполняет работы на объектах КМГ. Эта ценность должна быть неизменна даже тогда, когда вы покидаете рабочее место, она должна стать навсегда частью вашей личной жизни. Потому что культура безопасности – это свод неписанных норм и стандартов, формирующих образ мышления, отношение и поведение.

Приверженность безопасности начинается с руководства. Но руководство в одиночку не сможет обеспечить повсеместное внедрение культуры.

Я ожидаю, что каждый из вас, если он видит небезопасные условия или действие, будет открыто высказываться об этом, а те, к кому вы обращаетесь, будут к вам прислушиваться, будь то работник, выполняющий задачу, либо ваш руководитель, чтобы обеспечить вас надлежащим оборудованием и обучением для безопасного выполнения работ. Эта приверженность распространяется на всех до единого работников КМГ, включая меня.

Наша цель – создание культуры, при которой все наши работники чувствовали бы личную ответственность за безопасность, где не просто соблюдаются требования, а существует атмосфера, где каждый стремится к

ПОСЛАНИЕ ПРЕДСЕДАТЕЛЯ ПРАВЛЕНИЯ, ПОСВЯЩЕННОЕ ВОПРОСАМ БЕЗОПАСНОСТИ

улучшению состояния техники безопасности.

Построение культуры безопасности - это путь, у которого нет конечной остановки. Мы никогда не должны останавливаться на достигнутом. Реальность такова, что постоянное продвижение по этому пути вырабатывает самодисциплину и заставляет нас постоянно беспокоиться о безопасности, делать все от нас зависящее для ее улучшения. Давайте будем самой лучшей компанией в Казахстане и в нефтегазовой отрасли. А также стремиться к дальнейшему и постоянному улучшению показателей по безопасности!

Еще раз хочу поблагодарить вас за вашу преданность делу, вклад в улучшение показателей по безопасности и повышение эффективности деятельности АО НК «Казмұнайгаз», а также пожелать вам и вашим семьям безопасного, здорового и успешного нового 2019 года.

А. АЙДАРБАЕВ,
Председатель правления
АО НК «Казмұнайгаз»



ТӘУЕЛСІЗДІК МЕРЕКЕСІНДЕ ЕҢБЕКҚОР ЖАНДАР МАРАПАТТАЛДЫ

ҚР Тәуелсіздік күніне орай Маңғыстау облысы әкімінің орынбасары Мақсат Сқақовтың, қала әкімі Әділбек Дауылбаевтың және компания-мыздың бас директоры Жәнібек Нұғмановтың қатысуымен «Мұнайшы» мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Шара Тәуелсіздік алған тұғырлы еліміздің бүгінгі күні мен қаламыздың жеткен жетістігі жайлы арнайы әзірленген бейнероликпен ашылып, ҚР Ұнұраны орындалды, кейін басшылардың құттықтау тілегіне ұласты.



Салтанатты жиында қаламыздың дамуына еңбегі зор ардагер-мұнайшы Жолдас Тоғжановқа «Жаңаөзен қаласының Құрметті азаматы» атағы беріліп, ардагер-мұнайшы Ағжан Қадымоваға «Астанаға 20 жыл» мерейтойлық медалі табысталды. Сонымен қатар, өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін бірқатар азаматтар облыс, қала әкімінің Алғысымен марапатталды.

Кезек компаниямыздың басшысы Жәнібек Нұғмановқа жеткенде, бас директор жиналғандарға ізгі тілегін жеткізіп, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан жұмысына аса жауапкершілікпен қарап, қызметінде біліктілік танытқан компанияның бір топ еңбекқор азаматтарына марапат тапсырды.

«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ төсбелгісі Жасқайрат Тілеуовке, Хыдыр Тад-

жиковке, Нұрсерік Бимағамбетовке, Сисенбай Набиевке, Алдаберген Каменовке, Жеткізген Рахманбердиевке, Мұстафа Қаржаубаевқа табысталды. Ал, Талғат Өскінбаев, Абзал Джанаев, Альби Батыров, Рзабек Самарханов, Арыстанғали Индибаев, Сәрсен Шақпақов, Абдрахман Набиев, Довлетняр Байгасиев, Есқара Жарасов, Бекболат Дюсалиев, Алымбай Қалымбетов,

Қайырбек Садуов, Райхан Аманязова, Бегалы Құлджабаев, Аманқос Әбілханов «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ Құрмет грамотасымен марапатталды. Сондай-ақ, Нұрлан Ізімбергеге «Өзенмұнайгаз» АҚ Құрмет грамотасы және Маржангүл Рахмановаға компания директоры атынан Алғыс хат берілді. Шара өнерпаздардың концерттік бағдарламасына ұласты.

ЭНЕРГЕТИКТЕР ҚОС МЕРЕКЕНІ ТОЙЛАДЫ

Тәуелсіздігіміздің 27 жылдық мерекесіне орай Өзенэнергомұнай басқармасында салтанатты жиын өтті. Басқарманың бас инженері Түрікменбай Қасмағамбетов пен кәсіподақ төрағасы Сырлыбай Ерленов әріптестерін Тәуелсіздік және Энергетиктер күні мерекесімен құттықтады.



«Өзен кенорнын тұрақты түрде электр қуатымен қамтамасыз етіп, осынау қауіпті салада тер төгіп жүрген барша энергетиктерді азаттықтың мейрамымен қоса келген кәсіби мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын! Еңбектеріңіз жана берсін, әріптестер!», – деді Түрікменбай Қасмағамбетов.

Өзен кенорнын дамытуда ерекше еңбегімен құрметке бөленіп жүрген бірқатар мұнайшыларға «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғманов, басқарма директоры Болатбек Рахмедовтың атынан Алғыс хат пен Құрмет грамоталары табысталды.

Мерекелік шарада ҚР Тәуелсіздігі күніне және Энергетика саласы қызметкерлерінің төл мерекесіне орай өткізілген цехаралық жарыстардың жеңімпаздары мен басқарманың спорттық және мәдени-қоғамдық өміріне белсенді араласып жүрген бір топ мұнайшылар марапатталды.

Салтанатты шара Өзенэнергомұнай басқарма қызметкері Нұрлан Бекжановтың орындауында «Ерке сылқым», «Маңғыстау» күйлерімен, Самат Жұматовтың шырқауында «Көк Тудың желбірегені» әнімен әдіптелді.

ЖАС МАМАНДАР ЖЫЛДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАДЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі жылдың қорытынды жиынын өткізді. Кеңес төрағасы Бауыржан Бәйімбетов алдымен жиналғандарды ҚР Тәуелсіздік мерекесімен құттықтап, жастардың жыл бойы атқарған шараларына тоқталды.

– Жасалған жұмыс баршылық, атқарылар іс те аз емес. Мұнайшылар арасындағы дәстүрлі жайдарман ойындары, әріптестеріміздің республикалық Жайдарманның жоғарғы лигасында өнер көрсетуі, рационализаторлық жобаға қатысушылардың саны жыл санап артып келе жатқандығы, ұйымдастырылатын түрлі мәдени, зияткерлік сайыстар, жастардың қоғамдық шараларға белсене атсалысуы осының дәлелі. Келер жылға да жасақтаған жоспарларымыз бар. Соның бірі – еншілес компаниялар арасында ақындар айтысын ұйымдастыру, – дейді.

Бауыржан Бердібайұлы Жас мамандар кеңесінің «Балалар жүрген ізбенен» атты танымдық экспедициясының маңызына, сондай-ақ Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы қазақ елінің рухани байлығы мен онда айтылған ұрпақтар сабақтастығына тоқталды.

Жиын соңында Жас мамандар кеңесінің құрылуына мұрындық болған, компаниядағы жастар саясатын дамытуға елеулі үлес қосып жүрген бірқатар жас мұнайшылар «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғмановтың Алғыс хатымен марапатталды.

ҚОШ КЕЛДІҢ, ЖАҢА ЖЫЛ!

Желтоқсанның 18-і мен 30-ы аралығында «Өзенмұнайгаз» АҚ балаларға арнаған жаңа жылдық ертеңгіліктері өтті.

Балақайларға ерекше мерекелік қуаныш сыйлау, көңілдерін көтеру маңғыстаулық Нұрмұхан Жантөрин атындағы драма театрдың әртістеріне жүктелді. Көңілді сайқымазақтар мен сиқыршылар кішкентай қонақтарға жаңа жылдық қойылымдар тарту етсе, балалардың сүйікті мультфильм кейіпкерлері де шырша сәнін келтіре түсті. Балалар театр әртістерімен бірге мерекелік бағдарламаға белсене қатысып, ән салып, би билеп, түрлі сайыстарда тапқыр, шапшаң, жылдам екендіктерін байқатты. Әрине, өз өнерін көрсеткендер сыйлықсыз қалмады.

Амандық ӘБІЕВ, әлеуметтік өкімшілік департаменті әлеуметтік бөлімінің бастығы:

– Компания ұйымдастырған жаңа жылдық ертеңгіліктерге мұнайшылардың 11 мың баласы қатысады. Одан бөлек, «Өзенмұнайгаз» АҚ жылда қаламыздағы мүмкіндігі шектеулі балаларға арнап мерекелік шырша ұйымдастырады. Осы дәстүр бойынша биыл 300 бала жаңа жылдық шыршаның қонағы болады. Кішкентай балдырғандардың қуанышты жүзін көру біз үшін үлкен бақыт.






Алаштың көрнекті қайраткері Әлихан Бөкейханов «Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген екен. Ырасында да білімді бола тұра елге, жерге жанашырлығы жоқ жан ұлтқа қызмет етуі екіталай.

№2 Скажиналарға қызмет көрсету басқармасы кәсіподақ төрағасы Сәбит Төкенов мінезді жігіт. Әріптестері оның өте темпераментті екендігін ауызға алады. Психолог-мамандардың айтуынша, темперамент туа бітіп, қан арқылы, яғни жүйке жүйесі арқылы қалыптасатын көрінеді. Ал, мінез болса ортаға қарай өзгеріп отырады.

Сәбиттің қызығы мен қиындығы қатар жүретін кәсіподақ саласында жүргеніне 10 жылға жақындап қалыпты. Осы он жылда көп нәрсе өзгерді. Ильф пен Петровтың әйгілі «Он екі орындығындағы» кейіпкері Остап Бендердің «Сең қозғалды, мыр-

Жоғарыдағылар мен төмендегілердің арасында кері байланыстың болмауы – жағдайды ушықтырады. Төмендегінің жан айқайы мен зар-мұңы жоғары жаққа жетуі керек. Оны ешкім естімесе, басшы мен қосшы әр бөлек өмір сүрсе, әркім өз қайғысымен кетеді. Менің түсінгенім, компания бір командаға айналмаса, істің бәрі бекер. Жұмыс беруші мен қарапайым мұнайшының мақсаты, талабы – бір-бірімен үйлесуі міндет. Компанияда небір қиын жағдайлар туындаған кезде комиссия құрамында болып «өгізді де өлтірмей, арбаны да сындырмай» шешкен кезіміз болды. Тарихта адам бар нәрсені жеумен



Сәбит ТӨКЕНОВ, №2 Скажиналарға қызмет көрсету басқармасы кәсіподақ төрағасы

«ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУ – МІНЕЗДЕН...»

залар!» – деген жиі айтатын сөзі бар емес пе?! Солай демекші, кәсіподақта нардың жүгін арқалап, ерен еңбек етіп жүрген Сәбит сияқты азаматтардың арқасында компаниядағы жағдайлар оң өзгеріс тапты. Бір сөзбен айтқанда, «сең қозғалды!».

№2 СҚКБ кәсіподақ төрағасы өзінің кәсіподаққа келуін «қарапайым жұмыскердің құқығының бұзылуының» түрткі болғандығын себепкер етеді. Жүйеге деген наразылығын білдіру мақсатында 3 рет аштық жариялаған ол, кезінде өткір болып саналатын қарапайым мұнайшылардың арнайы киімдерінің жеткіліксіздігі, мәдени үйшіктердің ескіргендігі, асханадағы ас мәзірінің сын көтермейтіндігі сияқты мәселелердің бүгінгі күні күн тәртібінен түскендігін айтады.

«Кәсіподақ әрбір істе компания басшылығы мен қарапайым жұмыскерлерді жалғайтын алтын көпір.

емес, жоқ нәрсені жасаумен есте қалады», – дейді Сәбит Төкенов.

Тентектікті тектіліктің белгісі деп есептейтін мақала кейіпкері жаманшылықтың бәрі немқұрайлықтан туындайды деп есептейді. Немқұрайлық орыс жазушысы Иван Гончаровтың «Обломов» деп аталатын романын еске салады. Оқиға желісінде бас кейіпкер Петербург қаласында тұратын Илья Обломовтың диваннан түспей, тек қиялдап жататыны баяндалады. Ол саналы түрде ешқандай қоғамдық жұмыс атқармайды, көпшілік шаруасы күндіз-түні тәтті тамақ жеу ғана. Психологтар немқұрайлықты заманауи тілде «Обломов синдромы» деп атап жүр.

Кәсіподақ саласында жұмыс жасап, мұнайшылардың құқығын қорғау үшін адамға мықты рух қажет. Рух қайдан

құралады? Бала-шағанды ел-жерін сүйетін азамат етіп тәрбиелеуден, өзіңе өзің сын көзбен қараудан, жұмысыңды адал да мүлтіксіз атқарудан, реті келсе ақиқат сөзді айтудан, сын сөзді қабылдаудан құралады.

Грузин әншісі Вахтанг Кикабидзе: «Ертең үрім-бұтағың сенің есіміңді алып жүруден, сенің әулетіңнен екеніне ұялмайтындай өмір сүру керек» – дейді.

Бұл сөз әрбір қазақ азаматының өмірлік кредосына айналса нұр үстіне нұр болар еді!

Бибігүл БӨБЕКБАЙ

ӨНДІРИСПЕН ӨРІЛГЕН ӨМІР

№2 МГӨБ №49 топтық қондырғының 4-дәрежелі операторы Оразбибі Алданқызы Серікбаеваны әріптестері мұнай саласының дамуына өзіндік үлесі бар, жаңа буынға жол сілтеуші тәлімгер ретінде біледі.



ӨМІР БАСТАУЫ

Оразбибі Серікбаева 1968 жылы 17 желтоқсанда кезінде малшылардың мекені, қазір өндіріс аумағына айналған 7-ші Мұнай-газ өндіру кәсіпшілігі 104 топтық қондырғы орналасқан жерде өмірге келеді. Жаңаөзен қаласындағы №1 орта мектепті тәмамдап, 1986 жылы Семей қаласында геологиялық-барлау техникумына оқуға түседі. Кәсіби білімі бар маман еңбек жолын 1992 жылдың 25 ақпанында техник-геолог болып бастап, кейін диспетчер, қазір оператор болып еңбек етіп келеді.

ҚАЙНАҒАН ЕҢБЕК ОРТАСЫНДА

Оразбибі Серікбаеваның мұнай саласында еңбек етуіне, мамандық таңдауына осы салада ұзақ жылдар қызмет еткен ағасы Рахим Серікбаев тікелей әсер етеді. Сол кісінің ақыл-кеңесімен мектепті тәмамдаған жас өзінің өмір жолын мұнай саласымен байланыстырады.

Әйел адам үшін бейнеті көп жұмыстан қашпай, өзінің азаматтық ұстанымы,

қажыр-жігерімен тапсырылған жұмысты ыждахатты орындап келеді. Жаздың аптап ыстығына, қыстың қара суығына қарамастан, оператордың негізгі міндеті – өзіне қарасты ұңғылардың жұмысына тексеріс жасау, техникамен ұңғыны тазалау, майын қадағалау, сальник соғу секілді т.б. жұмыстарды атқарады. Бұл істерде кейіпкерімізге көмек көрсетіп, нұсқау болатын шебері Ерболат Мұханов пен аға оператор Қалдаулет Молбаевтың аттарын атауға болады.

ОТБАСЫ – ҚОРҒАНЫ

Қос бірдей қыздың анасы Оразбибі апа бүгінде жиендердің сүйікті әжесі. Үлкен қызы мемлекетке қызмет етуді жөн көрсе, екінші қызы анасының жолын қуып, еңбек нанын мұнай саласымен байланыстырады.

ӘРІПТЕС ЛЕБІЗІ

Әріптесі, 4-дәрежелі оператор Ырысты Алқуатова Оразбибі апаймен 1996 жылдан бері аттай 22 жылға тарта уақыт бір салада қатар жұмыс жасап келеді. Мұнай саласындағы еңбектің қиындығы өз алдына, ол әйел адамның бойына темірдей төртіпті, шешім қабылдай білудегі қатқылдықты үйретеді дейді. Ырысты апай, әріптесі туралы: «Оразбибі біраз жастарға мұнай саласының қыр-сырын үйретіп, білікті маман болып қалыптасуға баулыды. Мұндай кәсіби әрі қарапайымдылық қасиетін ерекше атап кетуге болады», – дейді ағынан жарылып.

ТҮЙІН

Биылғы жылы 50 жасты еңсерген аяулы әріптес, білікті маман, сыйлы азаматша Оразбибі Алданқызын 50-жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз.

Еңбегіңізге табыс, отбасыңызға амандық, ет жақын туған-туысыңыздың түгел болуын, алар асуларыңызды аласармауын тілейміз.

№2 Мұнай-газ өндіру басқармасының екінші орталық инженерлік техникалық қызметінің аға диспетчері Сағираш Жұмаева студент күнінен мұнайшының өмірімен етене таныс, мамандығын сүйіп таңдаған жандардың бірі. 30 жылға жуық уақытын мұнай саласына арнаған оның тиянақтылығы, еңбекқорлығы көпке үлгі болары сөзсіз.

ТАЛАБЫ – ТИЯНАҚТЫЛЫҚ

ҚАЙНАР БҰЛАҚ

Сағираш Аманқосқызы Жұмаева 1968 жылы 25 желтоқсанда Жаңаөзен қаласында 8 балалы үлкен отбасында өмірге келеді. 50 жылдығын тойлаған қала құрдасы. 1985 жылы №5 мектепті аяқтап, 1986 жылы О.Тұрмағанбетұлы атындағы Жаңаөзен мұнай және газ колледжіне техник-мұнайшы мамандығына оқуға түседі. Оқу жылдарында өндірістік тәжірибелерге қатысып, өндірісте кәсіби біліктілігін сынайды.

ЕҢБЕК ЖОЛЫ

Отыз жылға жуық мұнай-газ саласында қызмет жасап келе жатқан Сағираш Аманқосқызының еңбек жолы қызықты. Тындап отырсаңыз кешегі мен бүгінгінің қаншалықты өзгергеніне куә боламыз.

Кейіпкеріміз 1989 жылы №2 Қабат қысымын сақтау цехы №6 Шоғырланған сораптар станциясына жұмысқа тұрады. Өзі айтпақшы, жер асты қабат қысымын сақтап тұру үшін ол кезде пешке су қайнатылып таратылатын.

– Қазіргі кезде, техника дамып, жұмыс оңтайланды. Ал, ол кезде қысымды қалпына келтіру үшін су ысытылып, құйылатын. Шеберіміз Сағын Төрехановтың арқасында көп нәрсені үйрендік, – дейді Сағираш Жұмаева.

Бірнеше жыл пеш жағушы болып жұмыс жасаған соң, 4-ші кәсіпшілікке диспетчер болып ауысады. Ал, 2000 жылдан бері №2 Мұнай-газ өндіру басқармасының орталық инженерлік техникалық қызметінде аға диспетчер болып еңбек етіп келеді.

МАМАНДЫҚҚА – АДАЛДЫҚ

Диспетчер – өндіріс үдерісінің барысын қадағалаушы. Бөлімдердің жұмысы жөніндегі барлық ақпарат диспетчерлер арқылы өтеді. Бүгінгі таңда Сағираш Аманқосқызы еңбек ететін басқармада жеті цех бар, соның 3-еуі мұнай-

газ өндіру цехы. Солардан мұнайдың қанша келіп жатқаны, кетіп жатқаны сияқты ақпараттар үздіксіз келіп отырады. Деректерді жинап орталыққа жіберіп отыру тікелей диспетчердің міндеті.

– Негізгі жұмысым апаттардың алдын-алу, скажиналардың тоқтап қалмауын қадағалау. Ақпараттар әрбір екі сағат сайын компьютерде журналға толтырылып, басшылар бақылап отырады, – дейді жұмысы жөнінде.

ОТБАСЫ – ЖАНШУАҒЫ

Жұмыс уақыты таңғы алты жарымнан басталып, тұтас тәулікке созылатын Сағираш Аманқосқызын үйінде жолдасы, көңіл қуанышы – Ақтілегі күтеді. Жұмыстан тыс уақытта әйелге тән нәзіктікті қару етіп, отбасындағы жылылықты, отағасына деген құрметін, қызына деген аналық махабатын төгуден жалыққан емес.

ӘРІПТЕСТЕР ӘЛЕМІ

Жұмыста жауапты, тиянақты кейіпкеріміз өзінің басшылығына да, тікелей қарасты әріптестеріне де сыйлы. Осы уақыт ішінде «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ және «Өзенмұнайгаз» АҚ тарапынан, №2 МГӨБ басшылығы атынан еңбегін бағалаған марапаттардың иесі. Ол «өз ісіңе жауапты болсаң ғана жетістікке жетесің» дейді. Өзінің

жұмысы барысында айтылатын деректердің уақтылы өңделуіне көп нәрсенің байланысты екендігін сөзсіз түйсініп, адал қарым-қатынасты жоғары бағалайды.

Ауызбіршілігі мол ұжымда кез-келген мереке дүбірлі өтеді. Амал күнін, Наурыз тойды дастархан жайып, бір-бірімен көрісіп, ұлттық киімде қарсы алады. Кейіпкеріміз мұндай ұжымшылықты қалыптастыруда мекеме басшысы Мереке Құлбековтың ұйымдастырушылық қабілеті ерекше екенін айтады.

ӨМІР ӨРНЕГІ

Әр адамның жүріп өткен жолы оның өмір-өрнегін қалдырады. Үнемі жақсылыққа жаны жақын, өзінің өмірлік құндылықтарын айқындай білген тұлғалардың өрнегі де көз тартарлық әсем болмақ.

Өмірін қызына өнеге, айналасындағыларға сыйлы ете білген кейіпкеріміздің алдағы армандары баршылық. Олар ең алдымен өліміздің амандығы мен тыныштығы, мұнайлы өңірдің гүлденуімен тікелей байланысты.

Жаңаөзен қаласымен бірге келген 50 жасыңыз құтты болсын! Деніңізге саулық, шаңырағыңызға ырыс байлық тілейміз. Әрдайым осы тыңғылықты да тындырымды қалпыңыздан танбай, табыстан табысқа жете беріңіз.



QAY JOBA «AQYLDY» DEP TANYLDY?

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі «Үздік рационализаторлық жобалар» байқауын ұйымдастырды. Озық ойлы жастар шоғырын қалыптастырып, өндірістік мәселелердің шешімін табуға жас мамандарды жұмылдыру және жас көшбасшыларға өз идеяларын іске асыруға мүмкіндік беруді мақсат еткен өнертапқыштар сайысында барлығы 11 жоба ұсынылды.



Байқауға «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директоры Жәнібек Нұғманов, Аймақтық және іздеу геология департаментінің директоры Берекет Тоқаев, Геология және геофизика департаментінің директоры Ахмет Жандосов, Персоналды басқару және дамыту департаментінің директоры Ермек Көптілеев, Механикалық департаментінің инженер-механигі Аян Жөкеш, Автоматтандыру, ақпараттық технологиялар және байланыс департаментінің аға инженері Марк Гайбатов, Өндірісті дамыту және талдау департаменті директорының орынбасары Ержан Бекжанов және Транспорт департаментінің аға инженері Темірбек Тасболатов қазылық етті.

ҚР Өнұраны орындалғаннан кейін бас директор Жәнібек Нұғманов: «Бұл шараның дәстүрге айналғаны өте дұрыс деп ойлаймын. Өндірістегі түйткілді мәселелерді шешуде жастардың жаңа ойлары, тың жобалары керек. Сырттан келіп біздің проблемамызды ешкім де шешіп бермейді. Сондықтан, осындай озық ойлы жастарды барынша қолдау қажет. Баршаңызға сәттілік тілеймін. Ал, келесі



байқауға өзім де қатысамын», – деп ұйымдастырушыларға ризашылығын білдірді.

Сайыстың негізгі бөлігіне кіріспес бұрын былтырғы жылы үздік деп танылған Қадірхан Есімбетов, Бауыржан Бөйімбетов және Мұрат Ақынның жобалары туралы бейнероликтер көрермен назарына ұсынылды. Одан кейін кезек қатысушыларға берілді.

Алғаш болып өзінің рационализаторлық жобасын Мұрат Ақын таныстырды. «OMG life» деп атаған жұмысында Мұрат қызметкерге қажет барлық ақпаратты бір жерге біріктірген мобильдік қосымша жасауды ұсынды. Онда өндірістік орындардың электронды картасы, жұмысшының айлық еңбекақысы, еңбек демалысы жөніндегі қажетті мәліметтер, мекеме туралы және тағы да басқа көптеген ақпараттар көрсетілмек. Мобильдік қосымшада сондай-ақ, қызметкердің өзіне қажетті анықтамаларды онлайн түрде алуына мүмкіндік берілмек.

Мұраттың айтуынша, жаппай цифрландыру дәуірінде жұмыс процесін жеделдету мақсатында ұсынылып отырған «OMG life» қосымшасын жасақтау үшін 5 млн 850 мың теңге көлемінде қаражат керек.

Байқауда көрсетілген жоба Мұрат Ақынның алғашқы жұмысы емес. Ол бұған дейін де бірнеше жоба ұсынып, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ ұйымдастырған жас өнертапқыштар сайысына қатысқан болатын. Сондай-ақ, қаламызда коммуналдық көрсеткіштерді электронды қа-

былдайтын «ІКЕО» және дәмханаларға тағамға тапсырыс жасауға мүмкіндік беретін «AllFood» мобильді қосымшаларының авторы.

Қайнар Телеғұс өндірісті жетілдіру аясында «Дәнекерлеу коррозиясымен күрес» жобасын, өндірісті дамыту және талдау департаментінің аға инженері Ержан Тоқбаев «КМУ қондырғысының ТҚ жетілдіру» жобасын, Қадірхан Есімбетов «ПЖД 15.8106.000-1» және «Планар» құрылғысына өзгеріс енгізу» жобасын, Бағдат Қарамбетов «Скважиналарға тереңдікте бейнетүсірілім жасау» жобасын, №3МГӨБ №10 МГӨК аға инженер-технологы Ғани Нұрлыбаев «Жөндеуаралық кезеңді ұлғайту технологиялары» жобасын таныстырды.

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-ның 2016 жылғы «Үздік рационализаторлық жобалар» байқауының жеңімпазы өндірісті дамыту және талдау департаментінің аға инженері Ақжігіт



қажетті әрбір скважина туралы ақпарат беретін кесте жасап көрсетті.

№3 МГӨБ ҚҚС операторы, 2017 жылдың «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ үздік рационализаторлық жобалар байқауының бас жүлде иегері Жасұлан Қарақұлов бұл жолғы жұмысында өндіріс орындарындағы қызметкерлерге арналған будкаларға қауіпсіздік мақсатында шағылыстырғыш лента орнатуды ұсынды.

№4 МГӨБ МжГӨ операторы Әділжан Үсенов «Сальник соққыш қауіпсіз құрал» атты жобасын практика жүзінде көрсетіп, түсіндіріп берді. Сондай-ақ, аталған құрылғыны қызмет барысында қолданып жүргендігін және оның өте ыңғайлы екенін жеткізді.

Өнертапқыштар байқауының қорытындысы бойынша III орынға Қадірхан Есімбетов, II орынға Ақжігіт Түйешиев ие болса, Нұрасыл Оспанов I орынды қанжығалады. «Өзенмұнайгаз» АҚ 2018 жылдың үздік рационализаторлық жобасы болып Әділжан Үсеновтің «Сальник соққыш қауіпсіз құралы» танылды. Ал, жыл сайын экология және техникалық қауіпсіздік бағыты бойынша берілетін арнайы жүлде Ержан Тоқбаевқа табысталды.



Түйешиев «Ұңғыны механикалық тазалау» және «Электровинтті сорап орнату» деп аталатын екі бірдей жұмысын ұсынды. Нұрасыл Оспанов «Excel-B» жобасында қарапайым офистік Excel бағдарламасында өндіріске

Барлық қатысушылар мен жеңімпаздарға Алғыс хаттар мен ақшалай сыйлықтар тапсырылды.

Айжан НАСЫРОВА

БІЛГІРЛЕР БӘСЕКЕСІ

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесі брейн-ринг ойынын өткізуді дәстүрге айналдырған. Желтоқсан айының 20-сы күні «Ой дода» зияткерлік клубы білгірлер сайысының жылдық қорытынды ойынын ұйымдастырды.



Оқушылар шығармашылық үйінде өткен білім бәсекесіне компанияға қарасты Аппарат басқармасы, №2, №3 Мұнай-газ өндіру басқармалары, Технологиялық транспорт, Өзен-энергомұнай, №1 және №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармаларынан барлығы жеті команда қатысты.

Екі айналымнан тұрған интеллектуалдық ойында қызықты сұрақтар қойылып, ұтымды жауаптар берілді. Іріктелген төрт команда финалда кездесіп, жүлделі орындарды сарапқа салды.

Сонымен, қарсыластарынан оқ бойы озық шыққан №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы бас жүлдені жеңіп алып, жылдың үздік командасы атанды. I орынды Аппарат басқармасы иеленсе, II орын №3 МГӨБ-ке, III орын Өзенэнергомұнай басқармасына бұйырды.

Білім додасының үздік ойыншылары болып №3 МГӨБ-тен Нұрасыл Оспанов, ӘЕМБ – Алексей Жанмұхаммедов, №5 СҚКБ – Омар Елеш, аппарат басқармасынан – Ғазиза Айтмұханова атанды.

МҰНАЙШЫЛАР ӘН САЛДЫ

«Өзенмұнайгаз» АҚ Жас мамандар кеңесінің ұйымдастыруымен Жаңаөзен қаласының 50 жылдық мерейтойына орай өнерпаз мұнайшылардың қатысуымен «Күміс көмей» ән байқауы өтті.



Бас директордың транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаровтың құттықтауымен шара шымылдығы түрілді. Байқау дәстүрлі ән және эстрада ән шырқаушылар болып екі топқа бөлінді. «Бақ шаба ма, бап шаба ма» демекші дүбірлі додаға 16 мұнайшы қатысып, бақтарын сынады. Олар сахнаға шығып, табиғи даусымен әсем ән шырқап, терме айтты.

Компания аппарат жетекшісі Бауыржан Мәмбетсапаев бастаған қазылар алқасы өнерпаздар талантына тәнті болды. Өуезді саз әсем әнмен үйлесіп, «Мұнайшы» мәдениет үйін мақпалдай жұмсақ әуенімен әлдиледі. Көрермендер Тастемір, Қайып, Сүгірдің, Жылкелдің, Өскімбайдың, Бәкір Тәжібаевтің, Шәмшінің, Сейдолла Бәйтерекөвтердің жыр-термелері мен әндерін тыңдап жан сарайы ашылып, рахаттанып қалды.



«Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» демекші, дәстүрлі ән тобынан 1 орынды Алтынбай Нәдірбаев (№1 СҚКБ), 2 орынды Жанқожа Атаниязов (№3 МГӨБ), 3 орынды Базарбай Айбергенов (№2 СҚКБ) иеленді.

Ал эстрадалық әндер бойынша 1 орын компанияның бұлбұлы Жаңыл Қойшыбаеваға (АБ), 2 орын Батырбай Юсупов (№2 СҚКБ) пен Нұрым Жансерікке («Бұрғылау» ЖШС), 3 орын Айдар Спанов (№1 МГӨБ), Нығмет Қалдыбаев (№2 МГӨБ), Әйгерім Тарапиеваға (ӨТҚЖЖБ) бұйырды.

Қайрат Аманқосов «көрермен көзайымы» аталымын жеңіп алды. Жүлдегерлер бас директордың Алғыс хаты және



бағалы сыйлықтармен марапатталды. Өзге қатысушыларға ынталандыру сыйлықтары берілді.

Өріптестеріміздің ән әлеміндегі дүбірі түгесілмегей.

Бибігүл БӨБЕКБАЙ



Бұл жолы ұйымдастырушылар екі басқарманы бір командаға топтауды жөн көріпті. Технологиялық транспорт басқармасы (ТТБ) мен №3 Скважина-ларға қызмет көрсету басқармасы (№3 СҚКБ), Өзенэнергомұнай (ӨЭМБ) мен №2 Мұнай-газ өндіру басқармасы (№2 МГӨБ), №1 Мұнай-газ өндіру (№1 МГӨБ) мен Химияландыру және экология басқармасы (ХЖЭБ), Автоматтандыру және телекоммуникация (АЖТБ) мен Мұнай өнеркәсібі құралдарын және телекоммуникацияларды жөндеу басқармасы (МӨҚЖТЖБ), №3 Мұнай-газ өндіру (№3 МГӨБ) мен №2 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасы (№2 СҚКБ) өзара біріктіріліп, жалпы саны 5 команда финалда өнер көрсетті.

Ойынға ардагер жайдарманшы Мақсат Оңайбаев, Коммерциялық сұрақтар жөніндегі басқарушы директор Алмас Сәрсенбайұлы, Персоналды басқару және дамыту департаментінің директоры Ермек Көптілеев, Әлеуметтік-

«Сен күлсең, әлем күледі». Осындай атаумен мұнайшылар арасындағы жайдарман ойындарының финалдық кезеңі өтті. Оқушылар шығармашылық үйінің концерт залында ұйымдастырылған ақтық мәреге жұмыс күніне қарамастан жаңаөзендіктер көптеп жиналды. Ойынның шымылдығын «Өзенмұнайгаз» АҚ бас директорының транспорт және әлеуметтік сұрақтар жөніндегі орынбасары Мақсат Ибағаров ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

42 әріп сайысында кәнігі жайдарманшылар мүдіріп жатса, қайта жаңадан қосылған ойыншылар табанда жол тауып, ұтымды жауаптар беріп, тығырықтан шыға білді. Әсіресе, жұмысқа кешігіп келген қызметкер мен бастығының арасындағы әңгімені әліпби арқылы өрбіткен №3 СҚКБ-ның



ЖЫЛДЫҢ СОҢҒЫ ЖАЙДАРМАНЫ



әкімшілік департаментінің директоры Тарас Алеуединов және «Жаңаөзен» газетінің редакторы Гүлназ Бөлекбаева қазылық етті.

Қатысушылар сәлемдесу, 42 әріп және үй тапсырмасы кезеңдері бойынша бақ сынасты. Жалпы көп командалардың дайындығы едәуір жақсы екені бірден байқалды. ӨЭМБ мен №2 мұнай газ өндіру басқармасының сәлемдесуіндегі жүргізушінің екі айтыскерге әкімдік туралы айтпаймыз, жұмыссыздық, баспана жайында да болмайды, су, газ, аурухана, мектеп, дін мәселелерін мүлдем қозғамаймыз деген ескертуіне ақын-дардың онда тек тұрғанша халыққа бір өлең айтып берейік деуі көрерменді күлдіре отырып, елдегі бүгінгі «демократияны» көрсетті.

Одан бөлек, осы команданың асханадағы романтик мұнайшы, жаңа жылдан кейінгі МАИ қызметкері, қалаға жыл сайын келетін көшпелі зоопарк туралы өзілдері залдағы жұртшылықтың көңілін көтеріп тастады.

№3 МГӨБ пен №2 СҚКБ-ның таяуда өткен жалпықалалық марафонда қарапайым тұрғынның жүгіріп келе жатып әкімге өз мәселелерін айтып сұрақ қоюы, жұмыста түрлі заңсыздықтарға жол беретін қызметкерлердің анонимді клубы туралы өзілдері де өте сәтті шықты.



қызметкері Болат Тілепиев ағамыздың тапқырлығына сүйсіндік.

Өздерінің үй тапсырмасында №3 МГӨБ пен №2 СҚКБ қазіргі таңдағы маңызды экологиялық мәселелердің бірі – аң аулау тақырыбын көтерді. Еріккендердің ермегіне айналған қарақұйрық болып адамдарға «көңіл айтқан» Жеткізген Боқаевтың ойынына көрермен қырантопан күлісті. Күлдіре отырып ой салған команданың ойыны қазылар тарапынан оң бағаға ие болды.

Қыздарын ұзатқалы жатқан шаңырақта анасының рөлін ойнаған ХЖЭБ қызметкері Қайрат Аманқосовтың асабалық шеберлігі, АЖТБ мен МӨҚЖТЖБ «асханадағы жағдайы», «күреп өтетін, сүріп өтетін» шопырлардың тарихтан сыр шертуі де жиылған жұрттың езуіне күлкі уялатты.

Той беріп жатқан үйдің сол сәттегі қызығы мен шығығын айна-қатесіз көрерменнің көз алдына алып келген Өзенэнергомұнай мен №2 МГӨБ жаңаөзендіктерді күлкіге бөктіріп. Бәлкім, суреттелген барлық оқиға әр көрерменге жақсы таныс болып көрінуінен болар, қойылым өте сәтті шықты. Бұл командадағы өткен ойында «Үздік ойыншы» атанған Ғалымжан Құстайдың актерлік шеберлігін атап өтпеуге болмас.

Сонымен, үш сағатқа созылған ақтық ойынның III орнын ТТБ мен №3 СҚКБ және ХЖЭБ мен №1 МГӨБ командалары өзара бөлісті.

II орынға АЖТБ мен МӨҚЖТЖБ ие болды. I орынға №3 МГӨБ пен №2 СҚКБ лайық деп танылса, бас жүлдені Өзенэнергомұнай мен №2 МГӨБ-тың біріккен командасы иеленіп, 2018 жылдың чемпиондары атанды.

«Үздік ойыншы» номинациясы №3 Мұнай-газ өндіру басқармасының жұмысшысы Нұрсұлтан Нұрғалиға берілді.

Айжан НАСЫРОВА



ҮКІЛІ ҮМІТ

ЕСЕПКЕ ЖҮЙРІК ЖҰМАБЕК



Математика ғылымына кенжелеп өнсе де, үлкен нәтижелер көрсетіп келе жатқан сала ментальды арифметика. Бүгінгі таңда №20 мектептің жетінші сыныбында оқитын үкілі үмітіміз Жұмабек Сериков осы менатальды арифметикадан бірқатар халықаралық, республикалық сайыстардың жеңімпазы.

Мектепте тереңдетілген математика сыныбында оқитын Жұмабекті алғаш рет ментальды арифметика сыныбына жетектеп барған анасы Баян Баймағанбетова екен. Бүгінгі таңда «Өзенэнергомұнай» мекемесінде диспетчер болып қызмет жасайтын Баян:

– Ментальды арифметика баламды жылдам шешімдер қабылдап, өмірін дұрыс арнаға бұруға қалыптастыратынына сендім. Сол себепті де 2 жылдан бері оның қызығушылығына қолдау танытып, білімін шыңдауына өзіндік үлесімді қосып келемін. Арифметикадан сабақ беретін Тілекші апайы да Жұмабектің ертеңінен үлкен үміт күтеді, – деді ағынан жарылып.

Талантты жастың бүгінгі таңда бағындырған биік белестері баршылық. Осыған дейін Алматы қаласында, БАӘ Дубай әмірлігінде өткен халықаралық сайыстарға қатысып, жүлделі екінші орынды иеленсе, Ресейдің Сочи қаласында халықаралық сайыста чемпион екендігін дәлелдеді.

Анасы Баянның айтуынша, қазіргі технология заманында жылдам әрекет пен нақты шешім қабылдай алатын тұлғалар жеңіске жетпек.

Озық та ұшқыр ойлай алатын Жұмабектей ұрпақ еліміздің ертеңі. Болашағың жарқын болсын, құлыншақ.



БІР АУЫЗ СӨЗ...

2018-жылдың 10 айында инсульт пен инфаркттан қайтыс болған мұнайшылардың саны 24-ке жетіп жығылды. Бұл нені білдіреді?

Инфаркт – медициналық термин. Латын тілінен енген. Жалпы мағынасы: жүрек бұлшық етінің жансыздануы.



ЕНЖАРЛЫҚҚА НЕ ДАУА?!

Себеп: темекі, жүректі май басу, аз қозғалыс, қан тасу, қанда қанттың көбеюі, жүйкенің жұқаруы...

Өзен кенорнында жұмыс жасаудың қаншалықты қиын да күрделі. Әйтсе де әр адам өз денсаулығын сақтауы тиіс. Жас келген сайын ас қорыту, оны сіңіру өзгеше болады. Адам жас келген сайын ауыр тамақ жемегені дұрыс. Май, ет деген ауыр тамақ. Салмақ қосады, адамның жүріс-тұрысын шектеп тастайды. Ұйқысы да

нашарлайды. Ас қорыту жүйесі нашарлап кеткеннен кейін жалпы ағза нашарлайды. Әлемдік проблемаға

айналған семіздік деген де құдайдың бір пәлесі жүріс-тұрысың қиындайды. Қантты, тұзды жолатпай, көкөніспен достасып, жаяу жүрсеңіз – деніңіз сау болады.

Америкалық жазушы Хелен Каллер «Ғылым көптеген аурулардың емін тапты, бірақ олардың ішіндегі ең қауіптісі енжарлыққа дауа таппады» – деп жазады. «Ауруын жасырған өледіні» айтқан қазақ неткен дана өді, десейші!



ҚАУІПСІЗДІК МАҚСАТЫНДА

Қазан айының 25-ші күні «Өзенмұнайгаз» АҚ №5 Скважиналарға қызмет көрсету басқармасында кестеге сәйкес жөндеу механикалық цехы мен бас механикалық цехында, жер сілкінісі туындаған кезде қызметкерлердің іс-әрекеті туралы оқу-жаттығу өткізілді. Оқу-жаттығуға бас механикалық цехы, жөндеу механикалық цехының №1, №3, №4-ші бөлімше қызметкерлері, ЕҚ, ТҚЖҚОҚ бөлімінің инженерлері, басшылық құрамы және өрт сөндіру қызметі мен жедел жәрдем қызметі қатысты. Оқу-жаттығудың мақсаты: жер сілкінісі кезінде жұмысшылардың іс-қимылы, өрт сөндіру құралдарымен қайта танысу, өрттің ерекшеліктері мен оны сөндіру кезіндегі қызметкердің қауіпсіздігі туралы түсініктер қалыптастыру.

ОҚУ-ЖАТТЫҒУ ШАРАСЫ ЖОҒАРҒЫ ДЕНГЕЙДЕ ӨТТІ

Оқу-жаттығу бағдарламасы бойынша арнайы дабылдан соң жұмысшылар қауіпсіз аумаққа жиналды. Эвакуациялық орындарға қанша адам жеткізілгені тізімделді. Оқу-жаттығу барысында төтенше жағдайдың салдарын жоюға, өрт сөндіру қызметі 6 минутта, жедел-жәрдем қызметі 8 минутта келді. Сондай-ақ, төтенше жағдай салдарынан ЖМЦ №1-ші бөлімше қызметкерлеріне дереу алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Осы арқылы зардап шеккендерді құтқару, тактикалық тапсырманы орындау кезіндегі қатысушылардың кәсіби



шеберліктері тексерілді. Ал, медицина мамандары зардап шеккендерге алғашқы жәрдем көрсету жолдарын түсіндірді.

Оқу-жаттығу барысында өрт сөндіру қызметінің мамандары, жедел жәрдем қызметкерлері, №5 СҚКБ-ның БТЖ міндетін уақытша атқарушысы Амантай Чалабаев бәрін қадағалап, бірқатар тапсырмалардың орындалуын бағалап, мұндай сақтандыру шаралары жиі өтіп тұратынын жұмысшыларға түсіндіріп, өрт сөндіру және жедел жәрдем қызметкерлеріне

алғысын айтып, төтенше жағдайлар туындаған уақытта өзара бірлескен іс-қимылдар пысықталғаны туралы айтып өтті.

ЕҚ, ТҚЖҚОҚ бөлімінің ҚОҚ инженері А.Шерниязұлы және ЕҚЖТҚ инженері А.Шихсаидов: «Бұл шара төтенше жағдайдардың алдын алу және салдарын жою саласында тәжірибе жинақтау және шеберлікті шыңдау мақсатында ұйымдастырылды», – деп оқу-жаттығу шарасы биік дәрежеде өткендігін айтып өтті.



«ЖАС ӨНЕРТАПҚЫШ» – МҰРАТ АҚЫН

Ақын Мұрат Ғалымұлы – «Жас тұлпар – 2018» облыстық жастар байқауының «Жас өнертапқыш» номинациясы бойынша иегері, инновациялық жобалардың авторы, «Өзенмұнайгаз» АҚ Әлеуметтік әкімшілік департаментінің аға маманы. Кәсіби жұмысымен қатар, қоғамдық шараларда белсенділік танытып, тың әзірмелерге жаны құмар жас маман. Ғылыми әрі инновациялық жобалардың қатысушысы, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы АҚ бойынша үздік инновациялық жобалар байқауының жеңімпазы. «Инновациялық коммуналдық есептеу орталығы» және «Интеллектуалды тербелмелі қондырғы – 16» жобасының авторы.

– Марқұм әкем өмірге ең қажетті мамандықтарды меңгерген жан. Көз келген дүниені өз қолымен жасап, бұзылған жағдайда өзі оңдайтын. «Әкеге қарап ұл өсер» демекші әке жанында бой түзеген мен де бала кезімнен техникалық салаға қызығушылығым басым келді. Қазіргі таңда, осы қасиетімді күнделікті өмірде қиындық туғызатын жүрістерді жеңілдету мақсатында пайдалану бағытындамын. Идея – мұқтаждықтан туады дегенді ескерсек, қызмет көрсету салаларын оңтайландыру үшін цифрландыруға мүмкіндік жоғары заманда электронды қызметтерге көшу және оны қажетіңе пайдалану дұрыс деп санаймын.

«ҮЗДІК ЖАС МҰНАЙШЫ» – ЕРЛАН ТАҒАЕВ

Жыл соңында әр саланың озатын анықтайтын байқау ұйымдастыруды Жаңаөзен қалалық жастар ресурстық орталығы дәстүрге айналдырған. Биыл алтыншы рет өткізіліп отырған «Жыл үздігі – 2018» қалалық жастар премиясында «Үздік жас мұнайшы» номинациясын – №1 Мұнай-газ өндіру басқармасының 4 дәрежелі мұнай және газ өндіру жөніндегі операторы Ерлан Ексенбайұлы Тағаев иеленді.

Ерлан А. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің түлегі. Англиядағы ЕТС халықаралық колледжінде ағылшын тілін меңгеріп, Назарбаев университетінде кәсіби біліктілігін арттыру курсынан өткен. Компанияның қоғамдық-мәдени өміріне белсене араласады, Жас мамандар кеңесінің құрамында көптеген игі істердің атқарылуына өз үлесін қосып жүр. «Өзенмұнайгаз» АҚ ұйымдастыруымен өткен «Жігіт сұлтаны – 2017»

байқауының 3 орын иегері, «Ой-дода» зияткерлік сайысында «Үздік ойыншы» атанған. Жастар саясатын жүзеге асыруға қосқан үлесі үшін қала әкімі, компания басшылығы, «Нұр Отан» партиясының Алғыс хаттарымен марапатталған.

Ерлан ТАҒАЕВ:

– Жылдың үздік жас мұнайшысы атағын алып, туған жерін дамытуға атсалысып жүрген озаттардың қатарынан көріну – мен үшін үлкен абырой. «Марапат мерей өсіреді» дейді. Мұндай жеңістер бізге алға қарай ұмтылуға, жаңа белестерді бағындыруға тың серпін береді деп ойлаймын. Шараны ұйымдастырушы Жастар ресурстық орталығына, қала әкімдігіне және де өзім қызмет ететін «Өзенмұнайгаз» АҚ көптен көп алғысымды білдіремін!



ШАҒЫН ФУТБОЛДАН ЖАРЫС

Желтоқсан айының басында басталған шағын футболдан жарыс екі аптаға жуық уақытқа созылып, өз мәресіне жетті. Жеңімпаз командалар 14 желтоқсан күні жабылу салтанатында марапатталды.

Жыл сайын дәстүрлі түрде Тәуелсіздік мерекесіне орай ұйымдастырылатын шағын футболдан жарыс Рахмет Өтесінов атындағы дене шынықтыру және сауықтыру кешенінде өтті. «Өзенмұнайгаз» АҚ қарасты басқармалар және еншілес компаниялардан 5 команда, яғни «Су өндіру және тасымалдау басқармасы», «KMG-Catering», «Қазақ газ өңдеу зауыты» ЖШС, «Өзенмұнайсервис» ЖШС, «Кен-Құрылыс-Сервис» ЖШС мекемелерін қоса алғанда барлығы 20 команда бақ сынады.

Жарыс қорытындысында қарсыластарынан оза шапқан төрт команда жүлделі орындардан көрінді. Атап айтар болсақ, IV орынды №5 СҚКБ мекемесінің командасы, III орынды әр мекеменің ойыншыларынан біріккен «Ардагер» құрамасы, II орынды «БЖБ» мекемесінің командасы иеленді. Ал, жарыс жеңімпазы болып барлық командаларды теңбіл допта ойнау шеберлігімен артта қалдырған жеңісті №3 МГӨБ командасы танылды.

Жүлдегер командаларға диплом, кубок және қаржылай сыйлық табысталды.

ОЙЛЫЛАР ОЙЫНЫ ӨТТІ

19 желтоқсан «Өзенмұнайгаз» АҚ жұмыскерлері арасында «Шахмат патшалығы» атты шахматтан турнир өткізілді. Танымды да қызықты спорт ойынын Жұртшылықпен байланыс департаменті Тәуелсіздік мерекесіне және Жас мамандар кеңесінің 5 жылдығына орай ұйымдастырды.

Шахмат тақтасына 25-тей ойыншы үш топқа бөлініп жайғасты. Ойын 35 жастан жоғары мұнайшылар, жас мамандар және қыздар арасында болып өтті. Қарсыластарынан озып шыққан жүйріктер арнайы диплом, кубок, қаржылай сыйлықтармен марапатталды. Сондай-ақ, барлық қатысушыға қазақстандық шахматшы, қыздар арасында халықаралық гроссмейстер Динара Сәдуақасованың қолтаңбасы қойылған «Шахмат ойнап үйренейік» атты авторлық кітабы табысталды.



35 + жастағылар арасында

Бас жүлде Ислам Бердалиев (№2 СҚКБ)
I орын Нұртас Жүсіпов (№2 СҚКБ)
II орын Теміртас Сауытбаев (МДЖӨҚКБ)
III орын Нұрасыл Оспанов (№3 МГӨБ)

Жас мамандар арасында

I орын Аман Тасимов, (АЖТБ)
II орын Ербол Аманқұл (№3 МГӨБ)
III орын Құдайберген Көшенов (№2 СҚКБ)

Қыздар арасында

I орын Алтынай Шерімғалиева (№2 МГӨБ)
II орын Баян Исатаева (ӨТҚЖЖБ)
III орын Аида Қарамбетова (№3 СҚКБ)

Өзен

«ӨЗЕНМҰНАЙГАЗ» АҚ
КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

Меншік иесі: «Өзенмұнайгаз» АҚ
Редакция мекен-жайы:
Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ.,
Сәтбаев көш., 3 үй, 426 кабинет

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінде есепке алынып, №16077-Г куәлігі берілген

Жобаның жетекшісі:

Жұртшылықпен байланыс департаменті

Бас редактор: **Бибігүл Бөбекбай**

Пошталық мекенжай: psdso@umg.kmger.kz

Журналист: **Жазира Ақбергенова, Айжан Насырова**

Пошталық мекенжай: nassyrovaiaizhan@gmail.com

Байланыс нөмірі: +7 (72934) 63-445

«АртДизайн» ЖШС

баспаханасында басылып шығарылды

130000, Қазақстан Республикасы, Ақтау қаласы 17 ш/а,

«Дукат» ғимараты, 1 мұнара, 0/3 кеңсе

Тел: +7 (7292) 525-500

Таралымы: 3000 дана

Газет 2016 жылдың тамыз айынан шыға бастады
Айына бір рет шығады